

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі жанындағы күзет қызметі
саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

Астана қаласы

2025 жылғы « 17 » наурыз

Төрағалық етті: Күзет қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің төрағасы Т.М. Сқақов.

Салалық кеңес мүшелері қатысты: С.М. Құспанов, Б.Т. Ибраимов, М.Т. Тұрлыбекова, К.А. Әлімжанов, А.О. Садвокасов, Б.Б. Майкибаев.

Күн тәртібі:

1. Салалық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары мен кестесін бекіту;
2. Күзет қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңберінің жобасын қарау және оны бекіту.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырғаннан кейін салалық кеңес **ШЕШТІ:**

1. Осы шешіммен 2025 жылға арналған күзет қызметі саласындағы салалық кеңес отырыстарының жоспары мен кестесі бекітілсін;
2. Күзет қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін;
3. Күзет қызметін бақылау департаменті (Б.А. Уақбаев):
 - ағымдағы жылғы 28 наурызға дейінгі мерзімде «Career Enbek» порталында орналастыру үшін күзет қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңбері «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ға жолдасын;
 - ағымдағы жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде «Жеке күзет қызметі» кәсіби стандартының жобасын қарау және өзектендіру бөлігінде салалық кеңестің келесі отырысына материалдар дайындасын.
4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Күзет қызметін бақылау департаментіне жүктелсін.

**Күзет қызметі саласындағы
кәсіптік біліктілік жөніндегі
салалық кеңестің төрағасы**



Т.М. Сқақов

Хатшы:

Қазақстан Республикасы ІІМ КҚБД-нің
ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы



Б.А. Уақбаев